

ISSN 1694-7118

# КЫРГЫЗ ТИЛИ ЖАНА АДАБИЯТЫ:

## ОКУТУУНУН ИННОВАЦИЯЛЫК ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

### ИЛИМИЙ - МЕТОДИКАЛЫК ЖУРНАЛ



*Гүл бакчада гүл түбөлүк эместир,  
Түбөлүк гүл сен калтырган ак иштер*  
*А. Навои*

<b>Г. Ақымбекова</b> Еліміздегі шетелдік студенттерге іс қағаздарын оқытудың маңыздылығы .....	77
<b>Қасым Балқия</b> Мағыналас фразеологизмдер синонимінің функционалды-прагматикалық қызметі .....	81
<b>Қ.А.Жақыбаева</b> Болжалдық модалділігінің көп түрлілігі .....	85
<b>М.Е.Момбаева</b> Жастар бойында ұлттық тәрбиені қалыптастыру .....	89
<b>А. Сейдулаева</b> Особенности перевода стилистических средств в повести М.О. Ауэзова «Көксерек» .....	91
<b>А. Күнтеганова</b> Ырчылар поэзиясының өзгөчөлүгү .....	95
<b>Г. Абдрашитова</b> Улут болсом - Тилим менен улутмун .....	97
<b>Абдрашитова Гулсара</b> Жусуп Баласагындың «Күттүү билим» поэмасындағы каармандар .....	99
<b>З. Бектенова</b> Манасым - менин мурасым .....	100
<b>А. Жаманакова</b> Тил - акыл - эстин күзгүсү .....	105
<b>Д. Эсенгулова</b> Кыргыз тилин окутууда техникалық каражаттарды колдонуу мүмкүнчүлүктөрү .....	106
<b>А. Эсенгулова</b> Оюндуң пайда болушу жана өнүгүшү .....	108
<b>С. Олжебаева</b> С.Эралиевдин «Кесириңсан» поэмасы .....	111
<b>Сыдық Мамыров</b> Чынгыз Айтматовдун «Саманчының жолу» повестин талдоо .....	113

**Басылып чыккан орду:**  
**“Maxprint” басмаканасы**  
 Бишкек шаары, Курманжан Датка көчөсү, 207  
 Электронная почта: maxprint@mail.ru,  
 maxprintkg@gmail.com

Форматы 60x84/8.  
 Көлемү: 14,5.  
 Офсет кагазы.  
 Нұсқасы: 100

лу, жудеу, арық сияқты қатар басында тұратын тірек сөздер. Мысалы: қасык қаны жоқ, мойны ыргайдай, биті торғайдай, терісі тарамысына іліну сияқты фразалық тіркестер құрамының мазмұнын мағыналық әсерін байта түседі.

Қоршаған орта, табигат құбылыстары, ауа райы адамдардың өмір сүру, күнделікті тіршілік ету дағдыларына әсер етеді. Осыған байланысты қазақтың сөздік қорында көптеген мағыналас фразеологизмдер бар. Антонимдік бірлікте ыстық пен сұық табигат ерекшелігі ретінде танылып, қабылданғанда оған әдетте баға берілуі, бейнелі, образды сөз орамдарымен сипатталады. Мысалы, қызыл шұнақ сары аяқ, сақылдаған сары аяз – аяздың бейнесі болса, ак қар, көк мұз, түү деген түкірігі жерге түспеу – сұық күн, алай-түлей боран, ак тұтек үскірік – боранды күн келбеті. Бұл фразеологизмдер жалпы табиғаттағы сұық ұғымын береді. Бұның мынадай сары аяз, сақылдаған қыс құндерінде елтірі ішік, бояулы тон, күпі қантал шапан, саптаманы тастағаны қызық (М. Әуезов. Шығ., 358). Жер қара, күн ашықта қалай көслсөн де қын емес. Мыкты болса, ак қырау, көк мұз, ала боранда қарға адым ұзап көр (Ә. Кекілбаев).

Қазақ тілінде еңбек, өмір, тағдыр, дүние туралы айтылатын мағыналас фразеологизмдер көптеп кездеседі. Еңбек – табан ақы, мәндай тер деген қазақ. Бірақ жағымсыз сезімдік қатынастардың әсерінен еңбегі еш болу деген ой тіркесіне негіз болған тұрақты тіркестер де кездеседі. Мысалы: еңбегі күр, далаға кету, құмға сіңген судай, босқа бейнет ету, құр босқа кету, зая кету, желге кету, күйіп кету сияқты мағыналас фразеологизмдер бар.

Дүние, өмір ұғымдарының астарлы мағынасына назар аударсақ: қазақ тілінде мағыналас фразеологизмдердің көптеген тақырыптық, мағыналық және құрамдық әр түрлі топтары кездеседі. Қазақ тілі лексикалық синонимдерге қандай бай болса, фразеологиялық синонимдерге де соншалықты бай екенін көрінеді. Тілдегі лексикалық синонимдер мен фразеологиялық синонимдер екеуі екі түрлі аталғанымен, бір мақсатқа қызмет етеді. Ол мақсат – ойлаган ойды жеткізе, жанжақты баяндау. Сондықтан бұл екеуі үнемі бірлікте, өзара тығыз қарым-қатынаста, тұтас бір бүтін нәрсенің екі жағы деп қаралуға тиіс. Сонымен, фразеологиялық синонимдер – сөздік қорды байтуда, тілді көркейтуде, ойды бейнелеп, бедерлеп жеткізуде негізгі тілдік қурал.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қалиев F., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикасы мен фразеологиясы. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2006. –264 б.
2. Кенесбаев I. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. –712 б.
3. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдер сөздігі. – Алматы: Елтаным, 2010. – 252 б.
4. Қасым Б.Қ. Сөзжасам: Семантика. Уәждеме. – Алматы, 2003. – 167 б.
5. Қасым Б.Қ. Қазіргі қазақ тілінің теориялық және қолданбалы аспектісі. – Алматы: ЖК Волкова А.В., 2010. – 371 б.
6. Қасым Б.Қ. Құрделі атальым жасалымы: когнитивті-дискурстық ұстаным («Зерттеулер»). – Алматы: ЖК Волкова А.В., 2010. – 383 б.
7. Ұәлиұлы Н. Фразеология және тілдік норма. – Алматы, 1998.

*Қ.А.Жақыбаева,  
ага оқытушы  
М.Д. Мұсабаева,  
ф.ғ.к. доцент*

*Халықаралық Бизнес Академиясы, Қазақстан, Алматы қаласы, kalipanur@mail.ru*

## БОЛЖАЛДЫҚ МОДАЛДІЛІГІНІҢ КӨП ТУРЛІЛІГІ

Болжалдық модалділігі – сойлеушінің лебіздегі іс-әрекеттің жүзеге асу, аспауын болжап, топшылап көрсететін көзқарасы. М.В.Зайнуллин болжалдық модалділігін: «Предположительная модальность – это оценка говорящим содержания высказывания с точки зрения вероятности совершения дей-

ствия. Говорящий сообщает о действии или событии как о предположительном, как о чем либо вероятным, возможным, допустимом », - деп, анықтайды [1, с.42]. Тілімізде болжалдық модалділік өрісі мынандай лексика-грамматикалық құрылымдар арқылы жасалады:

-у керек; -са керек; -ған сияқты (секілді, сықылды, тәрізді);  
 -у шығар; -уга болар; -ған шығар (болар);  
 -атын, -етін, -йтін шығар;  
 -у мүмкін (ықтимал, кәдік); -ген көрінеді;  
 -ғанға ұқсайды.

Енді осы құрылымдарға жеке-жеке тоқталып өтейік.

«-у керек» құрылымы бол етістігіне тіркесіп, болжалдық модалділігін білдіреді. Мысалы: Тегі сол соқыршек жарылып кеткен болу керек (F.Мұсірепов). Болу керек құрылымы тәуелдік парадигмасында түрленеді. Жалпы «-у» тұлғалы етістіктер көптеледі, септеледі, тәуелденеді, алайда жіктелмейді. Бұл тура-лы А.Ысқаков: «Қымыл атауы семантикасы жағынан да, түрленуі (тұлғалары) жағынан да етістіктен гөрі зат есімге жақын. Сол себепті қымыл атауына, қолданылу ыңғайына қарай, есімдерге тән көптік, тәуелдік, септік жалғаулары жалғана береді, бірақ оған еш уақытта да жіктік жалғауларының қосымшасы жалғанбайды», - дейді [2]. Мысалы: Ұйықтап кеткен болуым керек. Ұйықтап кеткен болуын керек. Ұйықтап кеткен болуымыз керек. Ұйықтап кеткен болуларың керек. Ұйықтап кеткен болулары керек. «Болу керек» құрылымы тәуелдікін үш жағында, жекеше және көпше түрлерінде субъект белгілі бір іс-әрекеттің қалай жүзеге асқандығын нақты білмейтіндігін, алайда болжап, топшылат көрсететінін байқауға болады.

Кей жағдайда етістіктін -у жүрнағына барыс септігінің жалғауы жалғанып та қолданылып, болжалдық модалділігін білдіреді. Мысалы: Темір тордан босаған отар «әріптестерінің» оттауға бағана өріп кеткені жындарына әбден тиғен болуга керек, алды-арттарына қарамай, боздақтап барады-ай (О.Бекей).

«-са керек» құрылымы шартты райға керек модаль сөзінің тіркесуі арқылы жасалған. Бұл құрылымның болжалдық модалділігін жасайтыны туралы татар тілін зерттеген Д.Г.Тумашева былай дейді:

«Предположительная модальность выражается также формами будущего неопределенного, сочетанием условной формы с модальным словом кирек» [3, с. 149].

А.Ысқаков шартты райды негайбыл райдың қатарына жатқызды. Ал негайбыл рай іс-әрекет субъектінің еркінен тыс іске асатынын

не аспайтынын білдіреді. Осы ерекшелік «-са керек» құрылымында да сақталған. Шартты ратуғасы жіктелу парадигмасында түрленеді:

Жекеше

I жақ Мен қонақтар кетіп қалған соң барсаң керек

II жақ Сен қонақтар кетіп қалған соң барсаң керек

Cіз қонақтар кетіп қалған соң барсаң керек

III жақ Ол қонақтар кетіп қалған соң барсаң керек

Көпше

I жақ Біз қонақтар кетіп қалған соң барсаң керек

II жақ Сендер қонақтар кетіп қалған соң барсаңдар керек

Сіздер қонақтар кетіп қалған соң барсаңыздар керек

III жақ Олар қонақтар кетіп қалған соң барсаң керек

«-са керек» құрылымы арқылы сөйлеуші өзі қатыспаған, өзі көрмеген белгілі бір іс-әрекет, оқиға жайлы көзқарасын білдіреді. Өзі көзімен көрмей, өзі қатыспағандықтан сөйлемдегі іс-әрекетке, оқиғаға күмәндік сенімсіздік, болжалдық, топшылау, жорамалдау, мағыналары туындаиды. Мысалы, Тенбіл кеңінші арғы тегі араб жылқысы, пайғамбарымызың өзі мінетін пырактың тұқымы болса көр (F.Мұсірепов). Отзызымыздың бірдей суретті аудандық газетке қос бет болып жарқа түскенде, мақтаныштан есеміз шығып кетсе көрек, тәттіге алданған баладай далақтай берешіндей (О.Бекей). Тегі ауылға қайтып кетсе көр (О.Бекей).

«-са керек» құрылымы болып көрініп, мағыналы етістікке де жалғанып, сөйлеушін сөйленімдегі іс-әрекетке, оқиғаға қатыспаған, болжалдық көзқарасын білдіреді. Мысалы, Бағана отарды жайылымға шығарған, байқамаса керек, және түрлі, үйге қайтадан (О.Бекей). «-са керек» құрылымы кей жағдайда субъектінің өзінің басынан бұрын еткен іс-әрекетті, оқиғаны меңзеп, алайда субъекттің онша сақталмағандықтан, оны болжалдауда, жағдайда реттінде жеткізетін тұстары да кездеседі.

«-са керек» құрылымы кейде жағдайда мағынасында да жұмсалады. Бұл құрылымы жіктеу парадигмасында түрленеді. Мысалы, Олар жағдайды түсінсе керек (ауызекі).

«-ған сияқты (секілді, сықылды, тәрізді)» ұылымы болжалдық модалділігін беруде імді құралдар қатарына жатады. Құрылымға тжалдық мағына беріп тұрган – сөйлеушінің ғлемде айтылған пікір, іс-әрекет, оқиға нінде нақты білмегендіктен, тек болжалдық, шылаулық қатынастағы көзқарасын ішретін «сияқты, секілді, сықылды, тәрізді» дағы сөздері. Олар есім сөз таптарымен де, келген шактағы етістіктермен де тіркесе жеді. Аталған модаль сөздер салыстыру, састыру сияқты мағыналарды береді. Мысалы, Аспандагы ызгарлы қара қошыл бұлттар мен шеге түсіп, дүние кішірейіп кеткен ғізді (Ш.Айтматов). Стап пен Кпитаннан үш рігер келіп еді, олар да не ауру екенін біле май қысылып тұрган секілді (F.Мұсірепов). Ер шайнап қалған асынан шакыр етіп күм әлқса, әлгі тұқымы азып, есік көзінде қалған йран құмның адамдарга көрсеткен ақыргы састығы сықылды еді (О.Бекей).

«-ған сияқты (секілді, сықылды, різді)» құрылымдары жіктеледі. Жіктік шағауы сөйлеуші көзқарасының қай жаққа ғытталғандығын көрсетеді. Мысалы, Сенған ренжіп жүрген секілдісің (О.Бекей).

Сонымен қатар тілімізде «-ған сияқтанады, кілденеді, сықылданады, тәрізденеді, іспетті» ұылымдары да кездеседі. Мысалы, Әлдененің діргісі келмей, шешесін алдаусырататын яқтанады (F.Мұсірепов). Тағы да аспан жарқ ті де, құс жолы шаңытып кеткен сияқтанды (О.Бекей). Қ.А.Мамадилов «-ған сияқты, -ған яқтанады (сияқтанды)» құрылымдарындағы лжау модалділігінің көріну деңгейіне қарай рінші құрылымды айқын болжалды етістіктің әдәлді құрылымы деп, екіншісін солғын болалды етістіктің модалді құрылымы деп бөліп растеді [4, 98 б.].

-ған сияқтанады құрылымы бұйрық райда рленеді. Қонақтарына қымыз да ұсынатын іес сияқты (F.Мұсірепов).

Сонымен қатар болжалдық модалділігін ліруде «-ған да сияқты (тәрізді, секілді), тын сияқтанушы еді» құрылымдары да кездеседі. Соңғы құрылым өткен шакта айналады. Себебі «еді» көмекші етістігі жедел кен шак формасында тұр.

Болжалдықерісі «-умүмкін(ықтимал, кәдік)» ұылымдары арқылы да жасалады. Мүмкін әдаль сөзі бірде мүмкіндік модалділігін лірсе, бірде сөйлеушінің болашақта болатын

іс-әрекетті топшылап көрсетуіне байланысты болжалдық модалділігін білдіреді.

«-у мүмкін» құрылымы шактық пен модалділікті бірге береді. Бұл туралы Т.Қордабаев мынандай пікір айтады: «Тұйықрай формасының ешбір шактық білдірмейтіні, бұл екеунің де шактық көрсеткіштер емес екендігі белгілі. Солай бола тұрса да, бұл екеуі синтаксистік бірлікке келу арқылы контекске қарай белгілі бір шактық мағына білдіретіндігін көреміз. Мысалы: Басқа участоктен көмек келіп жеткенше, дұшпан шебімізді бұзып, ілгері өтуі мүмкін. Сенің мұнда қалғаныңнан көп залал көруіміз мүмкін» [6, 94 б.].

«-у мүмкін» құрылымы сөйлеушінің сөйлемдегі оқиғаның, іс-әрекеттің шындыққа айналу мүмкіндігін болжау модалділігін көрсетеді. Мысалы, Бірақ анау он күн бойы он жерді құр бекерге қазғылап, көзге тамызатын су шығара алмаган құдықшы куларды үйір қыла берме, олар бүгін қи тазалауга көмектессе, ертең әйеліце... то есть, басқасына көмектесуі мүмкін (О.Бекей). Кейбіреуі тоқты да әкелуі мүмкін (О.Бекей). Аталмыш құрылым тәуелдік тұлғаларын қабылдап, сөйлемдегі іс-әрекеттің қай жаққа тиесілі екендігін анықтап, сөйлемнің баяндауыш қызметінде жұмсалады.

Жекеше

1-жақ Менің кездесуге баруым мүмкін

2-жақ Сенің кездесуге баруың мүмкін

Сіздің кездесуге баруыңыз мүмкін

3-жақ Оның кездесуге баруы мүмкін

Көшпе

1-жақ Біздің кездесуге баруымыз мүмкін

2-жақ Сендердің кездесуге баруларың мүмкін

Сіздердің кездесуге баруларыңыз мүмкін

3-жақ Олардың кездесуге барулары мүмкін

Кейде» -у мүмкін» құрылымы барыс септігімен қатар жұмсалады. Дегенмен бұл құрылым тілімізде сирек ұшырасады. Сонымен қатар «-у мүмкін» құрылымы «-у да мүмкін, -у да мүмкін-ау, -у мүмкін де, -у мүмкін гой» парадигмаларын құрады.

«да, де, та, те, -ау, гой» демеуліктерінің мағыналық реңктері туралы пікірлерді тілші ғалымдар еңбектерінен кездестіруге болады.

«-ау» демеулігі туралы А.Ысқақов: «-ау демеулігінің негізгі мағынасы күшайту реңкілі ұсту болғанымен, кейде қолданылу ерекшелігіне байланысты өзі тіркесетін сөзге болжалдық мән жамау үшін жұмсалады»,

-деп «-ау» демеулігінің болжалдық мағынада да қолданылатынын айтады [2, 377 б.]. Мұны мына мысалдан да көруге болады: Құдық қазушылар, тегі, бүгін келмейді-ау (О.Бекей). Осындай пікірді Е.Жанпейісов та келтіреді:

«-ау» деген шылау етістіктерден соң да, есім сөз таптарынан кейін де тұра алады. Бұл ретте олар болжау, құдік мағыналарын білдіреді» [6, 170 б.].

Қ.А.Мамадилов «-у мүмкін» құрылымы арқылы берілетін болжалдық мағынага «-ау» демеулігі уайым реңкін үстейді дейді. Мұны зерттеуіші еңбегінде былай түсіндіреді: «Өйткені баяндауышының құрамында «-ула-ры да мүмкін-ау» құрылымы бар сөйлемдерде субъекті өзіне тиімсіз, орындала қалған күннің өзінде нәтижесі өз ойынан шықпайтын кимыл-әрекеттің ақыратқа айналу мүмкінділігін қаламайды. Сондықтан оның іске асуынан сақтанады, болмаса өзгелерді сақтандырады. Өзі күмәнданады, сол арқылы өзгелерді де күмәнданыруға әрекет жасайды. Мұның өзі субъекті көзқарасындағы болжалға уайым реңкінің үстелуіне әсер етеді. Сол себепті де «-у да мүмкін-ау» құрылымы уайым реңкті айқын болжалды құрылымға жатады» [4, 104-105 бб.]. Көрсетілген құрылым «-ері де мүмкін-ау» құрылымында да келіп, болжалдылық модалділігін білдіреді. Мысалы, Тіпті бұл өзге жүрттың құлагына ән емес, жыр емес, толғау емес - зарлаган жоқтау сықылды естілері де мүмкін-ау (О.Бекей). Сөйлеушінің сөйленімдегі іс-әрекетке, оқиғага сақтандыру, аландау, сезіктену, құдіктену, күмәндану, тұспалдау, жорамалдау қатынасын білдіру үшін «-у де мүмкін» құрылымы қолданылады. Кейде бұл құрылымға «екен» көмекші етістігі тіркесіп қолданылады. Бұл жағдайда болжалдық мағынага нақтылау мағынасы үстемеленеді. Мысалы, Ол, әйтеір, бір жануар, тіпті күрт-құмырса болуы да мүмкін екен (Ш.Айтматов).

«-у мүмкін» құрылымының болымсыздық формасы болымсыздық мағына білдіретін «емес» дәнекер сөзінің тіркесуі арқылы жасалады. «-у мүмкін емес» құрылымы сөйлемдегі субъект іс-әрекетінің шындыққа айналуын болжауды көрсетеді. Алайда бұл жағдайда болжалдық мағынаны сенімділік басып кетеді.

Сөйлемде әр сөздің орын тәртібіне қарай өзіндік мағыналары болады. Бұл туралы Қ.А.Мамадилов мынандай пікір келтіреді: «ЕМК-ның құрамы неғұрлым күрделене түскен

сайын, ондағы мағына да күрделене түседі. Құрылымдағы әрбір морфема өзінің сөздегі орын тәртібіне қарай мағыналық қабаттар түзеді. Мәселен,

- «-у» морфемасы қимылдың тыныштыққа ұласуын білдіреді.
- «да» морфемасы өзі тіркескен сөзге күшейту, нақтылау, айқындау реңктерін үстейді.
- «мүмкін» модаль сөзі болжал мағына білдіреді.
- «емес» көмекші морфемасы өзі тіркескен сөзіне болымсыздық мағына үстейді.
- «-ті» демеулік шылауы өзі тіркескен сөзге нақтылау мағынасын үстейді.

Құрылымдағы осы мағыналардың тұтасқан бірлігі нәтижесінде субъектінің қимыл-әрекеттің ақиқат-шындыққа қатынасы жөніндегі көзқарасы беріліп тұр» [4, 107-108 бб.].

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Зайнуллин М.В. Модальность как функционально-семантическая категория. -Саратов: Изд-во Саратовского университета, 1986.
- 2.Ісқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. - Алматы: Ана тілі, 1991.-382 б.
- 3.Тумашева Д.Г. Татарский глагол (опыт функционально- семантического исследования грамматической категории). - Казань: Изд-во Казанского университета, 1986. - 189 с.
- 4.Мамадилов Қ.А. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің модальдік құрылымдары: Филол. гыл. канд. дис. - Алматы, 1996. - 146 б.
- 5.Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің шақ категориясы. - Алматы: Оқупедагогика, 1953. - 116 б.
- 6.Жанпейісов Е. Қазақ тіліндегі сөйлем модальділігі және оның жасалу жолдары // Қаз ССР FA Хабарлары. Филология және өнертану сериясы. – 1959. - 1-2 (8-9) шығуы. - 167-170 бб.
- 7.Төлегенов О. Жалпы модалді және мақсат мәнді жай сөйлем типтері. – Алматы, 1968. - 180 б.
- 8.Жанпейісов Е. Модальные слова в современном казахском языке: Автореф. дис. канд. филол. наук. - Алма-Ата, 1958. - 17 с.
- 9.Нұрмаханова Ә.Н. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. –Алматы: Мектеп, 1971. - 292 б.
10. Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков. – Л.: Наука, 1987. - 149 с.

11. Федотов М.Р. Средства выражения модальности в чувашском языке. – Чебоксары: Чушикигоиздат, 1963 ж.
12. Қалиев Б., Жылқыбаева А. Сөзғыналарының негіздері. Алматы, 2002, 109 - т.
13. Кодухов В.И. Введение в языкознания. Москва, 1987. 276 бет.
14. Гумбольт В. О различении строения человеческих языков и его влиянии на духовное развитие человеческого рода. В кн: В.А. Звеницев. История языкознания XIX и XX вв в очерках и речениях. Москва, 1964.
15. Жалмаханов Ш. Түркі лексикасының мантикалық деривациясы (доктор. диссер. горефераты). Алматы, 2004. 43 б.

16. Аханов К. Тіл біліміне кіріспе. Алматы, 1962. 299 б.

#### Резюме

«Предположительная модальность – это оценка говорящим содержания высказывания с точки зрения вероятности совершения действия. Говорящий сообщает о действии или событии как о предположительном, как о чем либо вероятным, возможным, допустимом.

#### Resume

The presumable modality is the speaker's assessment of the content of the expression in terms of likelihood of the action. The speaker states an action or an event as something probable, possible and permissible.

*M.E.Момбаева,  
І курс студенті  
Халықаралық Бизнес Академиясы  
Қазақстан, Алматы  
E-mail: maseka007@mail.ru  
Ғылыми жетекшісі: Л. Бегалиева*

## ЖАСТАР БОЙЫНДА ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Бұғынгі танда ғасырлар қойнауында ұлттасқан ұлттық тәрбиені, озық өнегелі стүрлерді, адамгершілік асыл қасиеттерді істар бойына қалыптастыруда, оны ұтымды йдалану аса маңызды міндептердің біріне наалып отырганы даусыз. Қазақстан сабакасының «Білім туралы» Заңында ғілім беру жүйесінің міндепті – ұлттық және адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адам-қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби ындауға бағытталған ғілім алу үшін қажетті індейлар жасау» жөнінде жақсы талданып ресеңділген.

Бұғынгі танда жас үрпакты өз халқының риҳын, тегін, салт-дәстүрін, тілін, ғілімін әңгерген мәдениетті, адами қасиеті мол, ығармашыл тұлға етіп тәрбиелеу – бұл өмір лабы, ол қоғам қажеттілігін туындалап отыр. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» нында жас үрпакқа жан-жақты ғілім мен рбие берудің мемлекеттік саясатының негізгі танымдарын айқындалап берді. Қазақстанның рлық азаматтарының ғілім алуға тәң күкілі, бір азаматтың интеллектуалдық дамуына, ихо-физиологиялық ерекшеліктеріне қарай, пілмнің барлық деңгейіне кең жол ашылды.

Қазақмәдениеті – ғасырлар бойы қалып-тасқан ұлттық мәдениет. Ол ұлттық тәлім-тәрбиенің негізінде дамып қалыптасады. Көне заманнан келе жатқан таным-түсінік, әдеп-тағылымдарын ұғыну, білу және өмірге үйлесімдерін қажетке жарату – жастардың тұған халқына деген құрметінің артып және өнегенің рухани түлей түсінен ықпал етеді. Былайша айтқанда, елінің тарихи өткен жолы мен бұраң бұлтарысы көп болмыс-ғілімін ұғыну халқына деген сүйіспеншілігі мен патриоттық сезімінің қарқынды түрде жетіле түсінен әсерлі ықпал етүмен қатар, бұл нәтижелі сапаға айналады. Ұлттық тәрбие сол ұлттың мәдениетін дамытудың қозғаушы құші болып табылғандықтан, қазіргі кезеңде жоғары оқу орындарының табалдырығынан аттаған біз сияқты студенттерге мемлекеттік тілден білім беруде ел тарихын терең қозғал, берілген мәтіндердің тәрбиелік мәніне көбірек көніл бөлінсе, қазақ зиялды қауымының еңбектерімен қоса, әлемдік деңгейде ғылыми еңбектерімен өздеріне назар аудартқан, «Нобель сыйлығының» иегері атанған ғалымдардың өмірімен де таныстырып, қоғам дамуына қосқан үлестерін айтып түсіндіру арқылы студенттердің адами-құндылық қасиеттерін қалыптастырып дамыта алады.